

№1 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: 28 тамыз

Қатысқандар: Барлық педагогтер

Тақырыбы: «2024 - 2025 жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары»

Форматы: Дөңгелек үстел

Мақсаты: Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы, жылдық жоспар мен міндеттерді бекіту.

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
2. Жаңа үлгілік оқу бағдарламасымен танысу
3. Оқу жоспарын бекіту
4. Біліктілік арттыру кестесі
5. Балалар тізімін бекіту

Талқылау:

Кеңесті басшы Ж. Демеуова ашып, педагогтерді жаңа оқу жылымен құттықтап, сәттілік тіледі және жаңа оқу жылына дайындықтың маңыздылығын атап өтті.

Әдіскер Хуат С. Педагогтерді 2024-2025 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстырып түсіндіріп шықты.

Алламбергенова М. жаз айларындағы сауықтыру шараларын талдай келе, олардың балалардың физикалық дамуына оң әсерін тигізгенін атап өтті.

Педагогтердің дайындаған жазғы сауықтыру жұмысының құжаттарын әдіскер тексеріп, жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды.

Педагогтер ҚР БҒМ әдістемелік нұсқау хатымен танысып, биылғы ерекшеліктерді талқылады. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар, үлгілік бағдарлама мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі ұсынылып, бірлесіп толықтырылып бекітілді. Топ тізімдері мен курстық дайындықтар да нақтыланды.

2024-2025 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтердің тізімдері қаралынды.

1. Хуат Сымбат педагог-модератор санатына ұсынылды
2. Вашкеба Екатерина Николаевна педагог-модератор санатына ұсынылды
3. Тауей Роза педагог-модератор санатына ұсынылды

Шешім:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі және аттестатталатын педагогтердің тізімі бекітілсін.

2. Педагогтер біліктілік арттыру курстарына сәйкес жіберілсін.
3. Аттестаттау тізімі бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Педагогикалық кеңес хатшысы:



Деммеуова Ж.

Хуат С.